

АМАНКЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224

2014 жылдың 13 желтоқсаны күні сағат 11-де Қ.Әбенев атындағы Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 23 жылдық мерекесі аталып өтті.

Мерекеге қатысушыларды аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов құттықтады. Аудан басшысы Тәуелсіздігіміздің елімізге сыйлаған ұлы жетістіктерін және Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың осы жолдағы ересен еңбектеріне кеңінен тоқтала келе, таяуда жарияланған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдаудан туындайтын міндеттерге кеңінен тоқталды. Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында халық батыры Аманкелді атамның атындағы аудан халқының іргелі істер тындыратынына сенім білдірді.

Салтанатты рәсімде жиналған көпшілікке аудандық орталық аурухана хирургия бөлімінің меңгерушісі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері, «Құрмет»

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ ТАҒЗЫМ



орденінің иегері, «Аманкелді ауданының Құрметті азаматы» Б.К.Кенжебеков мерекелік жылы лебізін білдірді.

Тәуелсіздігіміздің баянды болып, еліміздің мәртебесінің биіктей беруіне тілектестігін арнады.

Аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов мұнан соң ауданымыздың экономикасы мен әлеуметтік жағдайын жақсарту жо-

лында елеулі еңбек етіп жүрген бір топ озаттарға

өзінің грамотасын тапсырып, оларға жаңа табыстар тіледі.

Мұнан кейін аудандық әкімдік биылғы жылы ұйымдастырған «Ең үздік мекеме» байқауының нәтижесі таныстырылды. Ол бойынша аудандық орталық аурухана, аудандық телекоммуникациялар торабы, аудандық кіріс комитеті, Б.Алтынсарин атындағы, Б.Қолдасбаев атындағы мектептер жоғары бағалар алып, оң нәтижеге жеткені хабарланды. Ал «Ең үздік мекеме - 2014» атағы «Қаламқас» балабақшасына берілді. Балабақша ұжымына 100 000 теңгенің сертификаты табыс етілді.

Салтанатты рәсім соңынан жиналған қауымға концерт көрсетілді.

Тәуелсіздігіміздің 23 жылдық мерекесі жоғары деңгейде аталып өтілді.

Мереке ауданымыздың барлық ауылдық округтерінде де тойланды.

Суретте: Тәуелсіздігіміздің 23 жылдығына арналған салтанатты рәсімнен көрініс.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ЖӘНЕ ТЫҢНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТТІ

2014 жылдың 12 желтоқсаны күні сағат 10-да Қ.Әбенев атындағы Мәдениет үйінде аудан ауылшаруашылығы қызметкерлері күні және тың игерудің 60 жылдық мерекесі аталып өтті.

Салтанатты жиынға аудан мекеме, кәсіпорын басшылары, қоғамдық-саяси ұйым жетекшілері, БАҚ өкілдері, тың ардагерлері, ауыл және ауылдық округ әкімдері және облыстық аумақтық орман және аң шаруашылығы инспекциясының басшысы М.Ә.Бегімбетов қатысты.

Рәсімде аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов «Аудан ауыл шаруашылығы саласының қазіргі жағдайы және алда тұрған міндеттер туралы» баяндама жасады.

Келесі кезекте аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов мерекеге қатысушы барша қауымды қос мерекелік құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

Аудан басшысы мұнан соң бір топ азаматтарға Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігінің Құрмет грамотасын, облыс әкімінің

Құрмет грамотасын және өзінің Құрмет грамоталарын тапсырды.Марапатталғандарға еңбекте табыс тіледі. (Марапатталғандар төменде жарияланып отыр)

Мұнан соң жиналған көпшілікті тың және еңбек ардагері М.Ходенұлы құттықтады.

Рәсім соңынан қос мерекеге қатысқан барша қауымға аудан өнер шеберлері концерт көрсетті. Соңынан «Ақниет» тойханасында ақ дастархан жайылып, оларға мерекелік қонақасы берілді.

Құттықтаймыз!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР:

1. Шайхин Ғалымжан Мырзаханұлы – «Шайхин» шаруа қожалығының төрағасы.
2. Кәкімжанов Алмас Сабырұлы – «Дәулетбике» шаруа қожалығының төрағасы.

І-ШІ ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» БЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР:

1. Бірсейтов Серік Сәкенұлы – РФБӨО ММ бас маманы.
2. Бимағанбетова Рысбике Бикенқызы – РФБӨО ММ бас маманы.

ҚР АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҚТАР ОДАҒЫ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ:

Мусилов Олжас Утеулиевич – РФБӨО ММ бас маманы.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР:

1. Жаннауов Зәмза – зейнеткер, Байғабыл ауылдық округі.
2. Ибраев Шаймерден Ғұмарұлы – «ҚазАгроФум» ЖШС директоры.
3. Молдыбаев Шалабай Биекеұлы – «Нұрай-Н» ЖШС агрономы.
4. Сыздықұлы Сейілхан – тыл, тың және еңбек ардагері, Үрпек ауылдық округі.
5. Әйтішев Жылқышы Бердіқожаұлы – тың және еңбек ардагері, Үштоғай ауылдық округі.
6. Саматов Бірнар Әділұлы – «Табыс» ЖШС директоры.

АМАНКЕЛДІ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР:

1. Исмағұлов Абылай Орынбасарұлы - РФБӨО ММ жүргізушісі.
2. Нұржанова Ақжиде Мұқанбетжанқызы – аудандық «Мал дәрігері» лабораториясының лаборанты.
3. Дәуғарин Сағадат Сайлаубекұлы – «Кәусар» шаруа қожалығының төрағасы, Қарасу ауылдық округі.
4. Беркінбаев Сәкен Оспанұлы – «Нұрай-Н» ЖШС бас инженері, Қарынсалды ауылдық округі.

5. Әбілхайров Мәліс Назарбекұлы – «Нұрай-Н» ЖШС директорының орынбасары, Қарынсалды ауылдық округі.

6. Авсиевич Василий Михайлович – «Виктория» шаруа қожалығының төрағасы, Үштоғай ауылдық округі.

ОБЛЫСТЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ:

1. Кенжебаев Қылымбек Қайдарұлы – аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы.

P.S. Салтанатты рәсімде ауданымыз бойынша тың игеруге қатысқан 34 ардагерге ақшалай сыйлықтар тапсырылды.





АУДАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СПАРТАКИАДАСЫ

2014 жылдың 12 жел-тоқсаны күні сағат 15-те Есір ауылында Н.Мейірманов атындағы орта мектепте аудан мемлекеттік қызметкерлері спартакиадасының салтанатты ашылуы болды. Оған ауданымыздың мемлекеттік қызметкерлері қатысты.

Спартакиаданың салтанатты ашылуында аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов құттықтау сөз сөйлеп, мемлекеттік қызмет спортшыларына жетістіктер тіледі. Спартакиада спорттың 5 түрінен өткізілді.

Жарыс 2 күнге созылды. Нәтижесінде волейболдан болған сайыста 1-ші орынды мекеме басшылары командасы, 2-ші орынды –



аудан әкімі аппараты, 3-ші орынды аудандық мәслихат аппараты, 4-ші орынды ауыл әкімдері командалары иеленді.

Стол теннисінен болған сайыста командалық сайыста - аудан әкімі аппараты 1-ші орынды, 2-ші орынды – мекеме басшылары командасы, 3-ші орынды – ауыл әкімдері командалары иеленді.

Стол теннисінен жекелеген ойыншылар арасында 1-ші орынды – С.Хайруллин, 2-ші орынды – А.Исмаилов, 3-ші орынды – Н.Тәжин, 4-ші орынды – Ф.Хамитов еншіледі.

Шахмат сайысында 1-ші орын-

ды – Қ.Кенжебаев, 2-ші орынды – Н.Тәжин, 3-ші орынды – Ж.Құсайынов алды.

Футбол сайысында 1-ші орынды – аудан әкімі аппараты, 2-ші орынды – мәслихат аппараты, 3-ші орынды – мекеме басшылары командасы иеленді.

Шаңғы сайысында командалар бойынша – 1-ші орынды ауыл әкімдері, 2-ші орынды мекеме басшылары, 3-ші орынды – аудандық мәслихат аппараты командалары иеленді.

Шаңғыдан жекелеген сайыскерлер арасында 1-ші орынды – Д.Тоқтаров, 2-ші орынды – Д.Сәкетов, 3-ші орынды – М.Талқанов иеленді.

Әйелдер арасында 1-ші орынды – аудан әкімі аппаратының қызметкері Қымбат Мусина иеленді.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСТАРЫ

2014 жылдың 8 желтоқсан күні сағат 15-те аудандық көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті №23 отырысы өткізілді.

Комиссия отырысын оның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1.Жастар және балалардың жұмыспен қамтылуы және көмелетке толмағандардың жазғы демалыстары мен еңбегін ұйымдастыру, сонымен қатар, әлеуметтік қауіпті жағдайда және қиын өмірлік жағдайдағы көмелетке толмағандар туралы.

(Хабарламашы: Амантоғай ауылдық округінің әкімі Ж.Р.Ильясов).

2.Кәсіптік лицей, колледж түлектерін жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру және көмелетке толмағандардың жұмыспен қамтылуларын қамтамасыз ету туралы.

(Хабарламашы: Амантоғай ауылдық округінің әкімі Ж.Р.Ильясов).

3.Барлық тиісті органдардың қатысуымен «Балалар түнгі қалада», «Тұрмыс», «Жасөспірім» атты жедел алдын алу шараларын өткізу туралы.

(Хабарламашы: аудандық ПБ жасөспірімдер инспекторы Е.Ә.Тобылбаев).

Комиссия отырысы күн тәртібіндегі 1-ші мәселені қарап, жан-жақты талқылай келе, 4 тармақтан тұратын ұсыным қабылдады. Олар төмендегідей:

Барлық ауылдық округ әкімдеріне: 1.Амантоғай ауылдық округ әкімі Ж.Р.Ильясовтың хабарламасы еске алынсын.

2.Көмелетке толмағандардың бос уақытында жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жұмыстары үнемі жүргізілсін.

3.Жазғы демалыс уақытында оқушылардың демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатында мектеп жанындағы лагерьлердің сапалы жұмыс жасалуын қадағалау сұралсын (үнемі).

4.Жазғы демалыс кезінде мектеп оқушыларының толық демалуына тиімді жұмыс жасалсын.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы М.М.Тобағабыловқа ұсынылды:

1.Аманкелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ММ басшы-

сы М.М.Тобағабыловтың ақпараты назарға алынсын.

2.Әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларда тәрбиеленетін көмелетке толмағандарға уақытылы қолдау жасау сұралсын (үнемі).

Комиссия отырысы күн тәртібіндегі 3-ші мәселені қарап, төмендегідей ұсынымдар жасады.

1.Аудандық ПБ жасөспірімдер инспекторы Е.Ә.Тобылбаевтың хабарламасы еске алынсын.

2.Көмелетке толмағандар бағыты бойынша жедел жағдайда сауықтыру, білім беру ұйымдарында тиісті құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету сұралсын (үнемі).

3.Көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында кездесулер (дәрістер оқу) ұйымдастырылып, өткізілсін (2015 жыл тоқсан сайын).

Қабылданған шаралар туралы аудандық комиссияға көрсетілген мерзімдерге сәйкес хабарлансын.

2014 жылдың 10 желтоқсаны күні сағат 15-те аудандық көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның №24 отырысы өткізілді.

Оны комиссия төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1.Жыл ішіндегі комиссияның жұмысын қорытындылау, саралау, талдау жасау.

(Хабарламашы: комиссия төрағасы С.У.Хайруллин).

2.Аудандық көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

(Хабарламашы: комиссия төрағасы С.У.Хайруллин).

3.2014 жылдың 5 желтоқсаны күнгі аудандық ПБ №5/3227 ұсынысына сәйкес Аманкелді ауданы Үштоғай ауылының тұрғыны Ә.Боранбаев атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы Қайыржан Наурызбекті аудандық ПБ профилактикалық есепке алу туралы.

(Хабарламашы: аудандық ПБ көмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы Е.Ә.Тобылбаев).

Комиссия отырысы күн тәртібіндегі 1-ші, 2-ші мәселелерді қарап, талқылап, олар бойын-

ша төмендегідей ұсынымдар қабылдады.

1.2015 жылға арналған көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның жұмыс жоспары бекітілсін.

2.Комиссияның мүшелері 2015 жылға арналған көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының жұмыс жоспарын қабылдасын.

3.Комиссия мүшелері 2015 жылға арналған көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының жұмыс жоспарын орындасын.

4.Жыл ішіндегі комиссияның жұмысының қорытындысы БАҚ жариялансын.

Комиссия хатшысына ұсынылды: 5.2015 жылға арналған көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының жұмыс жоспары комиссия мүшелеріне, тиісті мекеме басшыларына таратылсын.

2014 жылдың 12 желтоқсаны күні сағат 15-те аудандық көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның №25 отырысы өткізілді.

Оны комиссия төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселе қаралды:

1.04.12.2014 жылғы аудандық ПБ №5/3227 ұсынысына сәйкес Аманкелді ауданы Степняк ауылының тұрғыны А.Абдрахмановтың отбасын аудандық ПБ профилактикалық есепке алу туралы.

(Хабарламашы: Степняк ауылының учаскелік инспекторы Ш.С.Изтелеуов)

Комиссия отырысы күн тәртібіндегі мәселені қарап, талқылай келе төмендегідей ұсыным қабылдады:

1.Степняк ауылының учаскелік инспекторы Ш.С.Изтелеуовтың хабарламасы еске алынсын.

2.Степняк ауылының тұрғыны А.Абдрахманов спирттік ішімдік ішіп заңды некедегі жолдасы Г.Бегалинаға және балаларына балағат сөздер айтып, жанұя шырқын бұзғаны (ӘҚБтК-нің 79-5 бабы 1 бөлігі) үшін А.Абдрахмановтың отбасы аудандық ПБ-нің профилактикалық есебіне алынсын.

Өз тілшіміз.

Құттықтаймыз!

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Аудандық «Аманкелді арай» газетінің редакциясында бұрын радио хабарын ұйымдастырушысы болып қызмет атқарған, бұл күнде Қазақ радиосының әдеби-музыкалық редакциясының Бас редакторы болып қызмет істейтін жерлесіміз, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Ләззат Мейрамханқызы Қапышева Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Тәуелсіздік күні мерекесі күні қарсаңында «Құрмет» орденімен марапатталды.

Ләззат Мейрамханқызының қаламынан «Мұң мен сыр» және «Өмірдің өзі новелла» атты кітаптар өмірге келіп, оқырмандар тарапынан оң баға алған болатын.

«АА» газетінің редакциясы және оқырмандар қауымы әріптесімізді мемлекеттік жоғары наградасымен құттықтап, оған шығармашылық тың табыстар тілейді!



Салық және халық

САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ТАПСЫРУ

Қазіргі уақытта көптеген салық төлеушілердің салық есептілігін электронды түрде тапсырудың өте ыңғайлы екеніне көздері жетті. Салық есептілігін электронды тапсыру үшін төмендегідей жұмыстар жүргізілуі керек:

Мемлекеттік кірістер басқармасына (салық басқармасы) электронды салық төлеуші ретінде тіркелуге өтініш беру.

Үйдегі компьютерлеріне СОНО бағдарламасын, Салық төлеушінің Кабинеті бағдарламасын орнату.

Салық төлеушінің өзіне керекті салық есептерінің үлгілерін (ФНО) бағдарлама арқылы алу.

Компьютерді интернетке қосып, салық төлеушінің электрондық кілтін көмегімен, өзінің салықтық есептерін толтырып жіберу.

Мемлекеттік кірістер органының электрондық кілт 3 жыл мерзімге беріледі. Электрондық кілтті ХҚО(ЦОН) арқылы алуға болады. Электрондық кілттің көмегімен салық төлеуші үйінде, немесе жұмысында отырып – декларацияларын, патент алуға есептерін, салыққа берешегі жоғы туралы анықтаманы салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру, ұзарту, қайта бастау туралы өтініштерін салық есептілігін қайтарып алу туралы арызын жібере алады. Салық есептіліктерін электронды түрде тапсыру, салық төлеушілердің уақыттарын үнемдеуіне, қызметтерінің жақсаруына көп әсерін тигізеді.

Аманкелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ ЕСІНЕ!

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті хабарлайды:

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 653 бабына сәйкес, ша-рап материалы және сыраны қоспағанда, алкоголь өнімдері -Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есепке алу-бақылау таңбаларымен (УКМ) таңбалануға жатады.

Тексерулерге моратория қойылуына байланысты, Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде, халықтың сатып алған алкоголь өнімдерінің есепке алу –бақылау таңбаларының дұрыстығын тексеру пункті ұйымдастырылды.

Есепке алу-бақылау таңбаларының дұрыстығын тексеру және есепке алу-бақылау таңбаларындағы штрих-кодтардағы мәліметтерді оқу сканер арқылы және ИС УКМ бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

Алкоголь өнімдерінің есепке алу-бақылау таңбаларының (УКМ) дұрыстығын тексеру пункті мына мекенжайда орналасқан: Қостанай қаласы, Майлин көшесі 2, кабинет 101 (Ақциз өнімдерін әкімшілендіру басқармасы)

Аманкелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

Төтенше жағдайлар бөлімі ескертеді

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА

Жарылғыш құрылғыға ұқсастықты байқаған жағдайда әрекет жасау тәртібі:

- күдікті затты байқағанда тиіспеуге, жақындамауға және көтермеуге! Аталған заттың жанында темекі шекпеуге, радиобайланыспен және ұялы телефонмен пайдаланбауға:

- егерде байқаған жағдайда, жылдамдатып құқыққорғау органдарына және құтқару қызметіне телефоны 102, 112 хабарласу;

- көрген орнымен уақытын жазып қою;

- 100 метр аумақ жерде адамдарды қауіпті зонадан босатуды;

- қауіпті зонадағы күдікті затқа күзетті қамтамасыз ету қажет;

- күдікті затты қорғау кезінде мүмкіндігінше, заттан,

қорғауды қамтамасыз ету кезінде (ғимараттың бұрышын, тізбек сапты, автокөлікті және т.б.) бақылауды жасауды;

- құқыққорғау органдарының өкілдері келгенше, орынын, уақытын және байқаған заттың сыртқы түрінің мән-жайын көрсетіңіз;

- әрі-қарай құқыққорғау органдарының нұсқауы бойынша әрекет етуді;

- үреуді тудырмаңыз. Қауіпті зонаның аумағынан адамдарды ұйымдастыру әрекетімен қауіпсіз жерге көшіру;

- үрейді тудырмау үшін, қауіп-қатерді ешкімнің білмеуіне, тек қана болған жағдайды білу қажет адамдарға ғана хабарлау.

Есте сақтаңыз! Заттың сыртқы беті өзінің нақты түрін жасыруы мүмкін. Біркемелеу түріне жарылғыш заттарға қарапайым тұрмыстық заттар: олар сөмке, қорап, ойыншық және т.б. пайдаланылады.

АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ



Аудандық әкімдікте

ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙТІЛСІН

2014 жылдың 12 желтоқсаны күні аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында аудандық әкімдіктің жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өткізілді. Отырысты аталмыш комиссияның төрағасы, аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов ашып, жүргізіп отырды. Отырысқа комиссия мүшелері және аудан әкімінің орын-басарлары, ауыл, ауылдық округтер әкімдері, аудандық мемлекеттік мекеме, кәсіпорындар басшылары, ішкі істер бөлімінің жауапты қызметкерлері, БАҚ өкілдері , учаскелік полиция инспекторлары қатысты. Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды.

1. «Амангелді аудандық ішкі істер бөлімінің 2014 жылдың өткен мерзімінде қылмыстың алдын алуда атқарған жұмыстары туралы». (Ж.Қ.Таукенов, А.Б.Тентеков, М.Р.Сыздықов)
 2. «Сот актілерін орындау бойынша бөлімнің 2014 жылдың өткен мерзімінде атқарған жұмыстары туралы». (Ж.Қ.Таукенов, А.Б.Тентеков, Е.М. Сулейменов)
- Комиссия отырысы аталмыш екі мәселені қарап, кеңінен талқылай келе, төмендегідей хатталық шешім қабылдады:
1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша лауазымды тұлғалардың есебі еске алынды.
 2. Ауыл, ауылдық округ әкімдері:
- 1) жергілікті халықты құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына белсенді түрде тарту арқылы жұмыс жүргізілсін;
 - 2) жергілікті БАҚ - мен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізілсін;
 - 3) жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізілсін.
3. Амангелді аудандық ішкі істер бөлімі (келісім бойынша):
- 1) Амангелді аудандық ішкі істер бөлімімен қылмыс пен құқық бұзушылыққа қарсы күрес жөніндегі атқарылатын жұмыстарды осы деңгейде әрі-қарай жалғастыру ұсынылсын;
 - 2) аудан аумағында жол қауіпсіздігіне ерекше назар аудару

- кажет, оның ішінде жол-көлік оқиғасының алдын алу, соның ішінде тұрақты патрульдеу арқылы;
- 3) криминогендік ахуалды үнемі назарда ұстау арқылы, ауданның мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен бірлесіп заң бұзушылықтарды жою жөнінде күресті жалғастыруы қажет, сонымен қатар, аса ауыр қылмыс, бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысына, көше қылмысына, жол қауіпсіздігіне ерекше назар аударуы қажет;
 - 4) қыс мезгілінде алыс жолдарға таксимен жолаушыларды тасымалдау қызметін көрсетіп жүрген тұлғалардың жолаушылардың қауіпсіздігін назарда болуына тиісті жұмыс жүргізілсін.
 4. Амангелді аудандық аумақтық сот орындаушылар бөлімі (келісім бойынша):
- 1) мемлекет пайдасына аяқталған атқару құжатының толық көлемде орындалуы бақылауда болсын;
 - 2) әкімшілік құқық бұзғаны үшін айыппұл салушы мемлекеттік мекемелермен бірлесіп, борышты өндіріп алу жүргізілсін;
 5. Ауданның мемлекеттік және құқық қорғау органдары:
- 1) Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың барлық қол жетімді құралдарды пайдалана отырып, қылмысқа қарсы бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру тапсырылсын;
 - 2) сот орындаушыларына әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыларды орындау кезінде тиісті қолдау көрсетілсін.
 6. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның берілген тапсырыстардың орындалуы жөнінде 2015 жылдың 1 наурызына дейін аудан әкімі аппаратына хабарлансын.
 7. Осы хаттамалық шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің аппарат басшысы, Амангелді ауданы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мүшесі – Қ.У.Кеделбаевқа жүктелсін.

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Б А Р Л А М А

Қостанай облысы, Аманкелді ауданының әкімдігі 19 қаңтар 2015 жылы сағат 15:00-де Аманкелді селосы, Б. Майлин көшесі № 14 ғимаратта мемлекеттік меншіктегі ауылшаруашылығы мақсатындағы босалқы жер қорындағы жер учаскелерін жалдау құқығымен алуға ашық конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды. Жалдау құқығымен берілетін жер учаскелері:

Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сыйпаттамасы	Жер учаскесінің көлемі, га	Жалға беру мерзімі, жыл	1 га жердің кадастрлық құны, мың. теңге	Жер учаскесінің орналасқан мекен жайы
1	Егістіктері-707 га, жолдар астындағы жерлер-1 га	708	48	9,7	Қарыналды а/о 110 шм
2	Егістіктер-200 га	200	48	9,7	Қарыналды а/о 110 шк
3	Егістіктері-157 га, жайылымдықтар 2587 га, жолдар астындағы жерлер-9 га,баска да алқаптар-7 га	2760	48	9,7 3,6	Қарыналды а/о 110 шм
4	Егістіктері-408 га, жолдар астындағы жерлер-1 га	409	48	9,7	Қарыналды а/о 110 шм
5	Жайылымдықтар- 640 га, жолдар астындағы жерлер-1 га	641	48	3,6	Қарыналды а/о 90 шм
6	Егістіктері-398 га, жолдар астындағы жерлер-1,2 га,баска да жерлер-0,2 га	399,4	48	9,7	Қарыналды а/о 90 шм
7	Жайылымдықтар- 414 га, жолдар астындағы жерлер-1 га	415	48	3,6	Амантоғай а/о. 60 шм
8	Жайылымдықтар- 702,5 га, жолдар астындағы жерлер-1,5 га,баска да алқаптар-2,га	706	48	3,6	Амантоғай а/о 60 шм
9	Егістіктері-199,7 га, баска да алқаптар-0,3 га	200	48	9,7	Тасты а/о 90 шк
10	Егістіктері-203 га, баска да алқаптар-3 га	206	48	9,7	Тасты а/о 90 шк
11	Егістіктер-109 га	109	48	9,7	Тасты а/о 90 шк
12	Егістіктер-100 га	100	48	9,7	Тасты а/о 90 шк
13	Жайылымдықтар- 1542 га, жолдар астындағы жерлер-2 га,баска да алқаптар-4 га	1548	48	3,6	Тасты а/о 90 шк
14	Жайылымдықтар- 150 га	150	48	3,6	Тасты а/о 90 шк
15	Жайылымдықтар- 50 га	50	48	3,6	Тасты а/о 90 шк
16	Егістіктер-183 га	183	48	9,7	Тасты а/о 90 шк
17	Жайылымдықтар- 459,5 га,баска да жерлер-0,5 га	460	48	3,6	Қарасу а/о 20 шк
18	Шабындықтар-100 га	100	48	5,6	Қарасу а/о 20 шк
19	Жайылымдықтар- 77 га, шабындықтар-90 га,баска да жерлер-15 га	182	48	3,6 5,8	Байғабыл а/о 25 шк
20	Жайылымдықтар- 210 га, шабындықтар-420 га,баска да жерлер-3 га	633	48	3,6 5,8	Байғабыл а/о 25 шк
21	Жайылымдықтар- 7206 га, шабындықтар-2794 га	10000	48	3,6 5,8	Үштоғай а/о 130 шк
22	Жайылымдықтар-1546 га,су астындағы жерлер-31 га,жолдар-5 га,құрылыс астында-8 га,баска да жерлер-17 га	1607	48	3,6	Үштоғай а/о 130 шк
23	Егістіктер-800 га	800	48	9,7	Үштоғай а/о 130 шк
24	Жайылымдықтар-402,7 га,жолдар астындағы жерлер-1,3 га	404	48	3,6	Ақсай а/о 140 шк

Жалдау құқығымен берілетін жер учаскелерінің нысаналы мақсаты өзгертілмейді.

Конкурсқа қатысу үшін тіркелуге қажетті құжаттар.

1. Занды тұлғалар үшін:
1. Конкурсқа қатысу үшін өтінім (түпнұсқа). 2. Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы нотариальды куәландырылған көшірмесі. 3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында салық және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша үш айдан асатын мерзімі өткен берешегінің жоқ немесе бар екендігі туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, осы салық органының мөрі басылған тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. 4. Ерікті түрдегі бизнес жоспары немесе жер учаскесін пайдаланудың ерікті түрдегі бағдарламасы 5. кәсіпорын штатында ауылшаруашылығы мамандықтары бойынша біліктілігі мен жұмыс өтілі көрсетілген, кемі екі маманы бар болуытуралы, бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, заңды тұлғаның мөрі басылған анықтамасының түпнұсқасы. 6. Ауылшаруашылық дақылдарын өндіру үшін қажетті ауылшаруашылығы машиналары бар болуы туралы (бірінші басшысының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, заңды тұлғаның мөрі басылған) анықтамасының түпнұсқасы және (немесе) оларды сатып алу (жалға алу, қызмет көрсетуді сатып алу және т.б.) шартының көшірмесі. 7. Конкурсқа қатысушы конкурс жеңімпазы

атану үшін конкурстық комиссияға баска да ақпараттарды ұсына алады.

2. Жеке тұлғалар үшін:
1. Жеке тұлға куәлігінің (төлқұжат) немесе уақытша куәлігінің көшірмесі. 2. Конкурсқа қатысу үшін өтінім (түпнұсқа). 3.Қатысушы ұсыныатын бизнес-жоспар немесе ауылшаруашылық дақылдар өндіру үшін қажетті ауылшаруашылық машиналары көрсетілген ерікті түрде дайындалған жер учаскесін пайдалану бағдарламасы және (немесе) оларды сатып алу (жалға алу,қызмет көрсетуді сатып алу және т.б.) шартының көшірмесі. 4. Білімі туралы дипломының көшірмесі (болған жағдайда) немесе ауылшаруашылығы саласындағы еңбек өтілі көрсетілген өмірбаяны. 5. Конкурсқа қатысушы конкурс жеңімпазы атану үшін конкурстық комиссияға баска да ақпараттарды ұсына алады.
- Конкурсқа қатысушы бизнес жоспарында немесе өндірістік бағдарламасында топырақ қорғау шаралары туралы, алдыңғы қатарлы агротехнологиялық шараларды қолдану туралы және ауыспалы егіс жүйесін жүргізу туралы іс шараларын көрсетуді тиіс.
- Конкурстық өтініштер салынған конверттің сыртына «Ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс» «2015 жылдың 19 қаңтар сағат 15-00-ге дейін ашуға болмайды» деп жазылуы керек.
- Конкурсқа қатысушылар конкурстық өтініштерін бір немесе бірнеше жер телімдеріне ұсынуға құқылы. Өтінімдер конкурсқа үш күн қалғанша ғана қабылданады.
- Қосымша ақпараттар пен анықтамаларды мына телефон арқылы алуға болады: (8714-40) 21276. ф. (8714-40) 21276

Х А Л Ы Қ Т Ы Ң К Ө Ш І - Қ О Н Ы

2014 жылғы қаңтар-қараша аралығында Амангелді ауданы халқының көші-қоны келесі деректермен сипатталады

2013жылдың қаңтар-қараша аралығымен 2014 жылдың қаңтар-қараша аралығын салыстырғанда 2014 жылы тіркеуге алынғандар саны 30%

көбейді, ал тіркеуден шыққандар саны 17% азайды.

2014 жылы қаңтар-қараша айлар аралығында келгендер саны 274 адамды құрайды, кеткендер саны 408 адам, көші-қондық кему 134 адамды құрайды және 2013 жылы қаңтар-қараша айларында келгендер саны 210 адам, тіркеуден шыққандар саны 492, немесе көші-қондық кему 282 адамды құрайды.

К.МУСТАФИНА,

аудандық Статистика басқармасы басшысы.

Аудандық мәслихаттың №270 ШЕШІМІ
17 қараша 2014 жыл. Аманкелді ауылы.

Мәслихаттың 2014 жылғы 9 сәуірдегі №230 «Аманкелді аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 9-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы «Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы» №704 Жарлығына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 9 сәуірдегі №230 «Аманкелді аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4682 тіркелген, 2014 жылғы 23 мамырда «Аманкелді арайы» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- көрсетілген шешіммен бекітілген мемлекеттік тілдегі Аманкелді аудандық мәслихатының регламентінде:
- 35-тармағының екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын: «Ауылдар, ауылдық округтер тұрғындарын мәслихаттың есебімен жергілікті қоғамдастықтың жиындарында мәслихаттың хатшысы, тұрақты комиссиялардың төрағалары басқаратын депутаттар тобы таныстырады.»;
- орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық акті 2014 жылғы 09 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5218 болып енгізілді

Кезектен тыс сессия төрайымы Қ.Мақсұтбаева
Аудандық мәслихат хатшысы Ә.Саматов

РЕШЕНИЕ №270 районного маслихата
17 ноября 2014 года. с. Амангельды.

О внесении изменения в решение маслихата от 9 апреля 2014 года №230 «Об утверждении Регламента Амангельдинского районного маслихата»

В соответствии со статьей 9 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и с Указом Президента Республики Казахстан от 3 декабря 2013 года №704 «Об утверждении Типового регламента маслихата», Амангельдинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение маслихата от 9 апреля 2014 года №230 «Об утверждении Регламента Амангельдинского районного маслихата» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №4682, опубликовано 23 мая 2014 года в газете «Аманкелді арайы») следующее изменение:

в Регламенте Амангельдинского районного маслихата, утвержденного указанным решением на государственном языке:

второй абзац пункта 35 изложить в новой редакции: «Ауылдар, ауылдық округтер тұрғындарын мәслихаттың есебімен жергілікті қоғамдастықтың жиындарында мәслихаттың хатшысы, тұрақты комиссиялардың төрағалары басқаратын депутаттар тобы таныстырады.»;

текст на русском языке остается без изменения.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5218, 09 декабря 2014 года

Председатель Мақсұтбаева К.
внеочередной сессии Саматов А.
Секретарь районного маслихата

Сұраңыз - жауап береміз

ЖЕҢІЛДІКПЕН ТӨЛЕМ ЖАСАУ ҮКІМЕТ ҚАУЛЫСЫНДА ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН

Құрметті редакция! Аманкелді арайы газетінің № 45 (7635) 14 қараша 2014 жылғы жұма күні шыққан санында Аманкелді аудандық ауруханасының кір жуушысы Махамбетова Күләш Байсейитовнаның ЖЕҢІЛДІКПЕН ТӨЛЕУІМЕ БОЛМАЙ МА? атты жазған сұрағына жауап беретін болсам:

Махамбетова Күләш Байсейитовна Аманкелді аудандық ауруханасында 1990 жылдан бастап кір жуушы машинист болып қызмет атқарып келеді. 13 ақпан 2013 жылғы өз қолымен жазған денсаулық жағдайына байланысты 0,5 ставкаға жазған жазбаша өтініші бар. Төсек санының азаюына байланысты кір жуушы аптаның бес күні төрт сағаттан жұмыс жасайды, екі күн демалады. Ал енді баласы Серік Қостанай индустриалдық колледжінің 3 курс студенті, бұл жерде медициналық анықтама деп отырғаны, баласына көлік жүргізуші куәлігін алуға өтетін анықтама оның бағасы – 3 000 (үш мың) теңге. Ол Қазақстан Республикасының Үкіметінің №29 27 қаңтар 2014 жылғы қаулысына сәйкес «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі» тізбесінде көрсетілмеген, бұл жөнінде аурухана әкімшілігі тарапынан және өзіме жолыққанында Күләш Махамбетоваға түсіндіріліп, айтылған болатын.

РЕСМАҒАМБЕТОВ,
аудандық орталық аурухананың бас дәрігері

Аудандық мәслихаттың №275 ШЕШІМІ
28 қараша 2014 жыл. Аманкелді ауылы.

Мәслихаттың 2013 жылғы 28 желтоқсандағы №192 «Аманкелді ауданының 2014-2016 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 28 желтоқсандағы №192 «Аманкелді ауданының 2014-2016 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4390 тіркелген, 2014 жылғы 24 қаңтарда «Аманкелді арайы» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

1. «Аманкелді ауданының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2014 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 1821450,3 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер бойынша – 184192,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер бойынша – 4795,0 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 4058,0 мың теңге; трансферттер түсімдері бойынша – 1628405,3 мың теңге;

2) шығындар – 1827397,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 3348,1 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 8947,4 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 5599,3 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 теңге,

оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 0,0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 9295,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 9295,2 мың теңге.»;

көрсетілген шешімнің 2-тармағының үшінші, төртінші, жетінші, сегізінші азат жолдары жаңа редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға, оның ішінде:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 10324,7 мың теңге сомасында; үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға – 9092,0 мың теңге сомасында; мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын іске асыруға – 376,0 мың теңге сомасында;»;

көрсетілген шешімнің 2-2, 2-3, 2-4 тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

«2-2. Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге – 53199,9 мың теңге сомасында;

2-3. 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге – 14278,0 мың теңге сомасында;

2-4. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге - 1799,7 мың теңге сомасында.»;

көрсетілген шешімнің 1 және 5-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық акті 2014 жылғы 04 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5188 болып енгізілді

Кезектен тыс сессия төрағасы	Н.Игіліков
Аудандық мәслихат хатшысы	Ә.Саматов

КЕЛІСІЛДІ:

«Амангелді ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы _____ М. Сакетов «28» қараша 2014 жылғы

Мәслихаттың 2014 жылғы 28 қарашадағы №275 шешіміне 1-қосымша						
Мәслихаттың 2013 жылғы 28 желтоқсандағы №192 шешіміне 1-қосымша						
Аманкелді ауданының 2014 жылға арналған аудандық бюджеті						
Санаты						
Сыныбы						
Ішкі сыныбы						
Ерекшелігі						
Атауы						Сомасы, мың теңге
5						6
1	2	3	4			
1				1.Кірістер		1821450,3
1	00	0	00	Салықтық түсімдер		184192,0
1	01	0	00	Табыс салығы		88860,0
1	01	2	00	Жеке табыс салығы		88860,0
1	03	0	00	Әлеуметтік салық		74354,0
1	03	1	00	Әлеуметтік салық		74354,0
1	04	0	00	Меншікке салынатын салықтар		16570,0
1	04	1	00	Мүлікке салынатын салықтар		4231,0
1	04	3	00	Жер салығы		1113,0
1	04	4	00	Көлік құралдарына салынатын салық		8308,0
1	04	5	00	Бірыңғай жер салығы		2918,0
1	05	0	00	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		2849,0
1	05	2	00	Ақциздер		836,0
1	05	3	00	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		593,0
1	05	4	00	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар		1420,0

1	08	0	0	Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1559,0
2	00	0	00	Салықтық емес түсімдер	4795,0
2	01	0	00	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2576,6
2	01	1	00	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	416,0
2	01	5	00	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2152,0
2	01	7	00	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	8,6
2	02	1	00	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10,0
2	06	0	00	Өзге де салықтық емес түсімдер	2208,4
2	06	1	00	Өзге де салықтық емес түсімдер	2208,4
3	00	0	00	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4058,0
3	01	1	00	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3881,0
3	03	1	00	Жерді сату	177,0
4	00	0	00	Трансферттердің түсімдері	1628405,3
4	02	0	00	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1628405,3
4	02	2	00	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1628405,3

Функционалдық топ					
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
				Атауы	Сомасы, мың теңге
				II.Шығындар	1827397,4
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	226004,3
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	203171,1
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17357,1
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13934,1
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3423,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	91023,1
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	89898,1
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1125,0
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	94790,9
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	92120,9
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2670,0
	2			Қаржылық қызмет	13684,5
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	13684,5
			001	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13433,3
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	151,2
			018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	100,0
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	9148,7
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	9148,7
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9148,7
02				Қорғаныс	4704,5
	1			Әскери мұқтаждар	4704,5
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4704,5
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4704,5
04				Білім беру	1013523,9
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	90486,4
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	90486,4
			009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	55393,3
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	35093,1
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	876869,7
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	876869,7
			003	Жалпы білім беру	858484,2
			006	Балаларға қосымша білім беру	18385,5
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	46167,8
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	46167,8
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10715,9

			005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	10290,0
			015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	3341,9
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	21820,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	107525,3
	2			Әлеуметтік көмек	88447,3
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	88447,3
			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	17141,5
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4451,9
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	114,4
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	11552,3
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	356,0
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2704,7
			016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	51330,3
			017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	796,2
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	19078,0
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	18702,0
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17859,0
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	843,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	376,0
			050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	376,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	197395,8
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	878,6
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	878,6
			003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	878,6
	2			Коммуналдық шаруашылық	176286,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8000,0
			029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	8000,0
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, саулет және қала құрылысы бөлімі	168286,0
			058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	168286,0
	3			Елді-мекендерді абаттандыру	20231,2
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	20231,2
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4472,5
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1000,1
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	14758,6
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	99493,4
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	38128,6
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	38128,6
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	38128,6
	2			Спорт	9106,2
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	9106,2
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4974,2
			005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	1596,5
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	318,0
			007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2217,5
	3			Ақпараттық кеңістік	40137,5
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	38067,0
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	37557,0



			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	510,0
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	2070,5
			002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	2070,5
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	12121,1
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	6046,8
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6046,8
			456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	6074,3
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5774,3
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	300,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	81748,7
	1			Ауыл шаруашылығы	27704,7
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	8477,0
			099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	8477,0
		473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	19227,7
			001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5013,9
			006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	12077,4
			007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1320,2
			010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	816,2
	6			Жер қатынастары	7470,5
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	7470,5
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7470,5
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	46573,5
		473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	46573,5
			011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	46573,5
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8170,9
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8170,9
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	8170,9
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8111,9
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	59,0
12				Көлік және коммуникация	46559,5
	1			Автомобиль көлігі	46559,5
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	46559,5
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	46559,5
13				Басқалар	42159,5
	9			Басқалар	42159,5
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	17340,0
			040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	17340,0
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1083,9
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві	1083,9
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	14587,4
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14587,4
			458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9148,2
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7048,2
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2100,0
14				Борышқа қызмет көрсету	8,6
